

<https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-5461.27>

Ә.А. Өскембай¹

¹т.ғ.к., С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

С.АМАНЖОЛОВТЫҢ ҚАЗАҚ ТАЙПАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТАҢБАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Аннотация

Мақалада С. Аманжоловтың қазақ тайпалары және олардың таңбаларын зерттеуге арналған еңбектеріне талдау жасалған. Ғалымның қазақ руларын зерттеудегі ғылыми жетістіктеріне баға берілген. Мақалада белгілі ғалым С.Аманжоловтың қазақ халқының этногенезіне байланысты еңбектері талданады. Сонымен қатар С.Аманжоловтың «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегі қазақ диалектологиясы мен қазақ халқының шығу тарихына және қазақ тілінің тарихына арналған мәселелер қаралды. Бұл саланы ғалым он бес жыл бойы зерттеп, үлкен еңбек қалдырды. Өзінің ғылым жолындағы еңбектеріндегі ең күрделі зерттеуі осы «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегі болды.

Мақалада С. Аманжоловтың қазақ халқының үш жүзінің тарихын зерттеуге арналған еңбектеріне баға берілген.

Кілт сөздер. Ру, тайпа, таңба.

Oskembay A.A.¹

¹Candidate of Historical
Sciences, East Kazakhstan State University named after S. Amanzholov,
Associate Professor of the Department of History of Kazakhstan,
Republic of Kazakhstan, Oskemensity

S.AMANZOLOVS WORKS ON KAZAKH AND THEIR SYMBOLS

Abstract

The article analyzes the works of S. Amanzholov, dedicated to the study of Kazakh tribes and their symbols. The scientific achievements of the scientist in the study of Kazakh tribes were evaluated. The article analyzes the works of the famous Kazakh scientist S. Amanzholov on the ethnogenesis of the Kazakh people. The article assesses S. Amanzholov's work on the study of the history of three zhuzes of the Kazakh people. S. Amanzholov's work "Questions of dialectology and history of the Kazakh language", dedicated to the Kazakh dialectology and history of the Kazakh people and the history of the Kazakh language, was also considered. This area was studied by scientists for fifteen years and left a lot of work. The most difficult research in his works on the way to science was the work "Questions of dialectology and history of the Kazakh language".

Key words: tribes, symbols

Oskembay A.A.¹

¹к.и.н., доцент кафедры Истории Казахстана ВКУ им.С.Аманжолова,
Республика Казахстан, г.Усть-Каменогорск

ТРУДЫ С.АМАНЖОЛОВА О КАЗАХСКИХ ПЛЕМЕНАХ И ИХ СИМВОЛАХ

Аннотация

В статье анализируются труды С. Аманжолова, посвященные изучению казахских племен и их символов. Оценивались научные достижения ученого в изучении казахских племен. В статье анализируются труды известного казахского ученого С.Аманжолова о этногенезе казахского народа. Также был рассмотрен труд С. Аманжолова «Вопросы диалектологии и истории казахского языка», посвященный казахской диалектологии и истории казахского народа и истории казахского языка. Эта область изучалась ученым в течение пятнадцати лет и оставила большой труд. Самым сложным исследованием в своих трудах на пути к науке стал труд «Вопросы диалектологии и истории казахского языка».

В статье дано оценка трудам С.Аманжолова о исследовании историй трех жузов казахского народа.

Ключевые слова. племена, символы

Елбасының жаңа тарихи сананы және дүниетанымды қалыптастыруға арналған бағдарламалары тарихшыларға жаңа талпыныс беріп отырғаны белгілі. Қазақ тарихын қайта зерттеп, алдымен өзімізге танытуымыз қажет. Сонан кейін өзге тілдерге аударып, басқаларға танытуымыз қажет. Осы мақалада қазақ халқының тайпаларын және олардың таңбаларын жан-жақты зерттеген С.Аманжоловтың еңбектеріне тоқталғанды жөн көрдім. Ғалымның зерттеулері қазақ тарихының көптеген ақтандақтарын ашуға көмектеседі.

С.Аманжоловтың «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегі қазақ диалектологиясы мен қазақ халқының шығу тарихына және қазақ тілінің тарихына арналған. Бұл саланы ғалым он бес жыл бойы зерттеп, үлкен еңбек қалдырды. Өзінің ғылым жолындағы еңбектеріндегі ең күрделі зерттеуі осы «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» атты еңбегі болды. Мұнда ғалым қазақ тілінің тарихын, диалектологиясын ғана зерттеп қоймай, қазақ халқының шығу тегін, ру, тайпалардың құрылу тарихын, ертедегі таңбалардың тарихын, заттық мұралардың тіл тарихына байланысты заңдылықтарын ашып көрсетті. Сонымен қатар, ғалым қазақ тіліндегі әртүрлі диалектика ерекшеліктеріне тоқталып, олардың тарихи-қоғамдық себептерін ашып дәлелдеді. С.Аманжолов бұл еңбегін жазғанда, еңбегі тек қана Қазақстан көлемінде ғана емес, одақтық ғалымдардың арасында үлкен талқыға түсті [1].

Еңбекті қуаттаған адамдарға қарағанда қарсы шығушылардың саны көп болды. Сонда ғалым, олардың сұрақтарына дәлелді ойларымен ашық түрде жауап беріп, өз еңбегінің құндылығын сақтап қалуға тырысты. Төңкеріске дейін бұл мәселе жетік қарастырылмаған еді. Сол кезде осы саланы зерттеу мәселесі артта қалып келді. Өз еңбегіндегі диалектология мәселесін ғалым этногенезбен, яғни ру-тайпа, халық тарихымен байланыстыра қарастырған. Оны жазбастан бұрын ғалым алдына бірнеше мәселе қойды. Олардың қатарында: қазақ этногенезі, қазақтың басты тайпа және тайпалық одақтары және ежелгі қазақтарда қолданылаған диалектілер туралы материалдар жинау болды. Осыны басшылыққа ала отырып, қазақтың алғашқы қолданған тілімен қатар олардың шығу тарихына талдау жасады. Бұл мәселені зерттеу үшін ғылыми-зерттеу экспедицияларын ұйымдастырды. Сонымен қатар халықтың бай ауыз әдебиетіндегі деректерге сүйене отырып, көптеген дәлелдеулер келтірді. Негізінде қазақ кездесетін басты үш диалектіні табады. Олар: солтүстік-шығыс, оңтүстік және батыс болып бөлініп талданған. Осылардың ішіндегі қазіргі қазақ әдеби тілінің негізі болып солтүстік-шығыс диалектикасы болып табылады. Бұл зертеулерде қиындық туғызатын мәселелерді ғалым төмендегідей топтарға бөледі:

1. Қазақ этногенезіне байланысты сұрақтар жеткілікті зерттелмеген;
2. Қазақ халқының және соның құрамына кіретін тайпаларға байланысты ежелгі жазба ескерткіштердің көптеп сақталмауы;
3. Бұл мәселені зерттеуге біржақты көзқараспен шектелген кейбір шығыстанушылардың қарсы шығуы және Н.Я.Маррдың палеонтологиялық әдісі.

Ғалым осы үш бағытты басшылыққа ала отырып, зерттеуді мына мәселелерге бөліп, толық қарастырып шығады:

1. Қазақ халқының этникалық және ру-тайпалық құрамына тоқталу;
2. Қазақ халқының ежелгі ең ірі тайпалық (үйсіндер, дулаттар, алшындар, керейлер, наймандар, арғындар, меркіттер, қоңыраттар, жалайырлар және қыпшақтар) этникалық құрамына тоқталу;
3. Кейбір ежелгі тайпалардың тілін зерттеу;
4. Қазақтың үш жүзінің құрылуы және тайпалық одақтардың пайда болуын зерттеу;
5. Қазақ тілі мен ұлт тарихының шығу тарихын тереңнен зерттеу [2].

Бұдан шығатын қорытынды, ғалымның қазақ халқының ежелгі тарихын зерттеудегі шебер үйлестірушілік, нағыз тарихи талдаулық, салыстырмалық әдістерді жетік меңгергенін байқаймыз. Белгілі бір қазақ халқының тайпалық одағын зерттегенде зерттеуші әр рудың және тайпаның этногенезін жеке-жеке қарастыруы қажет. Бұл мәселені қарастырмай тарихшы белгілі бір халықтың шыққан тегін зерттей алмайды. Кезінде ғалым бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, ұлт тарихын тереңнен жеке-жеке талдап қарастырған.

Тайпалардың этногенезін зерттегенде ғалым, оны біржақты қарастырмай, тілдік, этнографиялық, антропологиялық фактілеріне тоқталған.

Қазақтың этногенезін зерттеуде, С.Аманжолов ғалымдар А.Левшин, Н.Аристов, А.Харузин еңбектерінің ерекшелігін айтып өтеді. Негізінде бұл ғалымдардың қазақ халқының тарихын зерттеуге арналған еңбектері қазіргі кезде де өз құндылықтарын жойған жоқ. Қазақтардың этникалық қалыптасуын зерттеуде Рашид-ад-Диннің «Жами ат-тауарих», Шараф ад-Дин Иезидидің «Зафар-наме», Ата Мәлік Джувайнидің «Тарих-иджахангушай» еңбектерін ерекше атауға болады. Бұл деректер XIII-XV ғасырлардағы маңызы бар деректер болып табылады. Тарихты зерттеу, тарихшылардан асқан бір дәлділік пен шыншылдықты талап етеді. Сонымен қатар, тарихшылар шебер зерттеушілер ғана емес, өз елінің патриоты болуы қажет. С.Аманжоловтың өн бойынан осы қасиеттер табылып, бір-бірімен ұштасып жатты. Қазақ халқының тарихын зерттеуде ғалым, оны арыдан бастап, Шыңғысханның дәуірімен байланыстырады. Бұл дәуірде түркі тілдес тайпалардың құрамына Шыңғыс хан мен оның ұрпақтары әскерлерінің қатарында Алтай, Шығыс Түркістаннан келген жалайыр, меркіт, барлас, керейт, найман тағы басқалар келіп қосылған. Этно-генетикалық процесте Алтайн Орданың құрылуы мен құлауының мәні зор екенін білеміз. Сондықтан, Алтайн Ордадағы Жошы ұрпақтарының шежіресі үлкен назар аударуға тұратын дерек болып табылады. Бұл кездегі деректердегі басты орын алатын тақырыптар әскери-саяси оқиғалар болғанымен, мұнда элеуметтік-экономикалық деректерді де көптеп табуға болады. Деректерде, негізінен, отырықшы және көшпелі тұрғындардың, түрлі түркі тілдес тайпалардың арасындағы өзара байланысты көрсетеді және олар тарихи деректер ретінде жоғары бағаға лайық. Сонымен қатар қазақтардың ішінен халықтың этникалық құрамын зерттеген Шокан Уалихановта болды.

Қазақ рулары мен тайпаларының қалыптасу тарихын зерттеуде өзіндік ерекшеліктер бар. Олар зерттеушілерден түріктанушы, тіл маманы, археолог, географ, сонымен қатар ең бастысы тарихшы болуды талап етеді. Рулық және тайпалық таңбаларды зерттемей, біз қазақ халқының этникалық құрамын зерттеп көрсете алмаймыз. Бұл салада өз зерттеулерімен ерекшеленген зерттеушілер, А.Левшин, Л.Мейер, А.Харузин, Ш.Уәлиханов, Н.Аристов, М.Тынышбаев, С.Аманжоловтар болды. Олардың сол кездегі талдаулары әр түрлі болды. В.Радловтың айтуынша, ең алғаш руларға таңбаны Оғыз ханның баласы Күнхан таратып берген. А.Левшиннің айтуы бойынша, қырғыздар (қазақтар) таңбалар мен белгілерді моңғолдардан алған. Бұл таңбаларды сол кезде Орта Азияға ғана емес Үндістанға дейін таратқан. И.Казанцевтің пікірі бойынша, таңбалармен ұрандарды қазақтарға Шыңғысхан таратып берген. М.Иванин мен А.Харузиннің пікірлері бойынша, таңбаларды Шыңғысхан тұқымынан тараған хандар әскерлеріндегі қазақ тайпаларының пайдаланған қаруларының түрлері бейнеленген. Л.Мейердің түсіндіруі бойынша, таңбаларды малға белгі салу үшін Төке хан таратып берген. Бұл пікірлердің әртектілігі халқымыздың тарихын зерттеудегі әр түрлі пікірлерге әкеледі. Н.Аристов, өз ұстанымдарын Күлтегін жазуларына сүйене отырып, таңбалардың ертеректе Орхон бойынан табылған тас плиталарда кездесетінін айтқан. Ол аталмыш Орхон-Енисей жазуларындағы 38 әріптің 29-ның қазақ рулары пайдаланатынын, бұлардың рулық-тайпалық таңбаларға ұқсас екенін айта келіп, қазақтарға таңбаларды белгілі бір адам берген жоқ керісінше бұл көшпелі халықтың өзінің өмірінің тарихи жемісі болып табылатынын айтқан. Оның ойынша рулық таңба-рудың меншік белгісі. Ғалымның пікірінше, рулық таңбалар, мал белгілі бір рудың меншігі болып тұрған кезде болған. Бұл ойдан қазақ халқының тарихы тереңде жатқанын көреміз. Сонымен қатар, Рашид ад-Диннің жылнамалар жинағында Оғыз хан өзінің алты баласынан тараған 24 ұлына таңбалар үлестірілгенін білеміз. Бұл мәселеден Оғыз хан таңбаларды алғаш таратты деген ой тұмауы қажет. Ол тек қана халық арасында тараған әдетті жалғастырып, бұл салтты мемлекет басқару ісінде тиімді қолданып отырған.

Шыңғысханның ру таңбаларын таратып берді деген ойға талдау жасасақ, бұл пікір шағатай тілінде жазылған шығармалардан бастау алады. Өз кезінде Шыңғысхан қол астындағы тайпалардың билеріне таңбалар, ерекше құстар, ерекше ағаштар үлестіріп берген. Олардың қатарында қазақтан шыққан билер Майқы би, Қоңырат би, Тама би, Керейт билер болған. Бірақ, Шыңғысханның таратқан таңбалары кейінгі қазақ тайпаларының таңбаларына сәйкес келмейді. Бұл тұжырымнан да таңбалар Шыңғысханнан бастау алды деуге ешқандай негіз жоқ. Сондықтан бұл таңбалар ерте орта ғасырларда түріктерден тарады дегенге толық негіз бар. С.Аманжолов қазақтың арғы тарихын зерттеуді, ру-тайпа таңбаларын зерттеуден бастаған ғалым.

С. Аманжолов мұрасының айтарлықтай бөлігі тіл саласымен қатар қазақ халқының этногенезінің (шығу тегін) өзекті мәселелеріне арналған. Зерттеу кезінде ғалым тарихи деректерді, өзіне дейін зерттеген ғалымдар еңбегімен, халықтың ауызекі тарихнамасымен, шежіре мәліметтермен салыстыра, ыңғайластыра зерттеп жазған. Халықтың, оны құрайтын үш жүздің рулық-тайпалық құрылымын зерттеп, оларға тән ортақ белгілер мен жекеленген ерекшеліктеріне дұрыс баға бере білді.

С.Аманжоловтың бұл еңбектеріне ғылыми көзқараспен қарасақ, олар кеңінен қазақ халқының этникалық құрамын зерттеуге арналған. Құнды материалдармен жазылған А.И.Левшин мен Н.Аристовтың тізімдерін басшылыққа ала отырып, Ұлы, Орта, Кіші жүзге кірген 80 ру мен тайпа өкілдерінің атауына талдау жасайды. Ұлы жүзге-23, Орта жүзге-24, Кіші жүзге-33 ру мен тайпаларды жатқыза отырып, зерттеген ғалымның дәлелдеулері бірнеше тарихи факторлармен дәлелденеді. Олар өздерінің санына және тарихи орнына байланысты әр түрлі болып келген. Сонымен қатар әр жүздің қазіргі қазақ тілінің негізін қалауға қосқан үлестері де әр түрлі болған.

С.Аманжолов ру, тайпа атауларының дұрыс аталуына аса зор көңіл бөлген ғалымдардың бірі. Мысалы; А.И.Левшин кейбір ру, тайпаларды: «Үйсүн, конрат немесе кунрат, карокисяк, китя, дюрткара, чулакей, тилау, тазлар» – деп келтірсе Аманжолов еңбектерінде, үйсін, қоңырат, қаракесек, кете, төртқара, шөмекей, телеу, таздар болып келтіріледі. Ғалым қазақ тарихын зерттегенде көбіне таңбаларды басшылыққа алады. Оларды зерттей келе, олардың ұқсастықтарын салыстыра отырып, қазақ тайпалық одағы 9 болды деген. Ұлы жүзге басты орын алатын тайпалар қаңлылар, жалайырлар, дулаттар болды. Ал бұлардың құрамына – ошақты, бекболат, шапырашты, сырғалы, шанышқылы, сары-үйсін тайпаларын кіргізді. Орта жүзде басты тайпалар қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керейлер болса, олардың құрамына балталы, бағаналы, тарақты, саржомарт, қаракерей, уақ, матай, қаракесектерді жатқызады. Ал кіші жүздің басты тайпасы етіп Алшынды алып, оған: шөмекей, серкеш, адай тайпаларын топтап жатқызады. Көп тайпалар қолдарында таңбалары болмағандан беймәлім болып келді. Мысалы: меркіттер, үйсіндер тағы басқалар. Аманжоловтың айтуынша кейіннен бұл меркіт, үйсін тайпалары үлкен тайпалық одаққа біріккен. Ғалым өз зерттеулерінде әр ру, тайпалар әр үш жүзде кездесіп отырды деген. Мысалы: Арғындар орта жүзде кездескенімен қатар кіші жүзде де бар. Ал тортуыл орта жүздегі наймандар ішінде және арғындар ішінде кездесе, қаракесек кіші және орта жүзде ішінде бар. Қоңырат Орта жүзге жатқаныменде Левшин мен Аристовтың айтуынша Қоқандықтардың басып алуына байланысты қоныс аударып, кейіннен Ұлы жүзге қараған. Аманжоловтың айтуынша жүздерге бөліну туыстық, тайпалық қатынаста емес, керісінше орналасу мекеніне, әр түрлі тайпалардың бірлігі мен экономикалық байланыстарына қатысты делінген [3].

Негізінде қазақ тарихындағы күрделі мәселелердің бірі-жүздердің пайда болуы. Нақты тарихи жазба деректердің жоқтығынан қазақ жүздерінің пайда болуы әлі күнге дейін даулы болып отыр. Жүздердің пайда болуы туралы болжамдар қазақ тарихының тарихнамасында біршама зерттелген. Олардың зерттелу деңгейін қарастырғанда С.Аманжоловтың еңбектерін ескермей кету қателік болар еді. Жүздерді зерттейтін ғалымдар бір пікірге келуде қиындықтар тудырады. Себебі, осы жайындағы жазба деректердің аздығында. Ғалым осындай

қиын зерттеулерді шешуге салыстырмалы-тарихи әдісті қолданды. Өйткені салыстырмалы-тарихи әдіс лингвистикада тіл топтарын анықтауда жақсы нәтижелерге жеткізген болатын. С.Аманжолов осыдан қорытынды жасай отырып, тарихшылар сол елдің тілінің тарихын білмей елдің тарихын білмейтінін, ал филологтар ел тарихын білмей сол елдің тіл тарихын білмейтінін басты назарға алып жазған. Әр ру -тайпаның туыстығы олардың тілдерінің ұқсастықтарына байланысты келеді деген.

Қазақ рулары мен тайпаларының арғы тарихын зерттеу дегеніміз, ең алдымен олардың таңбалық белгілерін зерттеу болып табылады. Мұны алғаш аңғарған Н.Аристов болды. Оның пікірлерін тереңдете зерттеген С.Аманжолов. Ғалым белгілі бір атадан рудың, одан тайпаның, одан тайпалық одақтың қалыптасу жолдарын рулық таңбаларды зерттеу арқылы көз жеткізуге болатынын айтқан. Сонымен қатар, С.Аманжолов қазақ халқының шығу тарихын зерттей келе, Н.Аристовтың еңбегіне сүйеніп: «Қазіргі қазақ, өзбек, қырғыз т.б. елдер түрік тайпаларынан шыққан» – деп дәлелді фактілермен өз еңбектерінде ұтымды көрсете білді. Ол өз еңбектерінде «Алшын» сөзіне де толық түсінік берген. Ол: Әлімұлы, Байұлы, Жетіру біріккен атаудан шыққан. Алшынның мекені ғалымның айтуынша Алтай жері. Өйткені алтайлықтардың таңбасы наймандардың таңбасына ұқсайды делінген. Алшынға: қарасақал, сунақ, жаныс, мосқар, беріш, алшын, телеу жатқан. Ғалым таңбалардың өзгеруі көшірме кезінде жіберілген қателерге байланысты деген ой айтады. Мысалы; таздар мен жаппастың таңбасы Z (зет) болса да оны Алшынның ^ таңбасына жатқызады. Оған Әлім таңбасында (M) жатқызуға болады [4].

Ғалым қазақтың ең басты тайпаларының ішіне қаңлыларды да жатқызып зерттеп, олардың құрамына ысты, тлек, ойықты жатқызады. Бұл тайпалардың таңбалары қаңлылардікімен бірдей болғанымен тарихта дұрыс зерттелмеген.

Ал қыпшақ тайпасы, тайпалық одақтың атауына байланысты. Аристовтың айтуынша олар қаңлылардан шығып (||) таңбасымен бейнеленген. Өйткені қаңлыларда I бір сызық болып кейіннен екінші сызықша одан шыққан тайпаға берілуі мүмкін делінген. Ол кезде бір тайпаны басып алған тайпа өз тайпасының қасына сол елдің таңбасын қосып көрсеткен. Қыпшақтар өз алдарына жеке тайпа болып оған: тама, керей тайпалары кіргенін ғалым олардың таңбасының (||,^) ұқсастығымен көрсеткен. Қоңыраттың құрамына ноғайдан шыққан маңғыттарды және санғыларды кіргізеді. Қоңыраттың таңбасы □ болса маңғыттарды Санғылар мен маңғыттардікі де □ таңбасы түрінде қарастырылған.

Ғалым Наймандар таңбаларына зерттеуді анық фактілермен келтірген.

Наймандар –Қазақстан мен Орта Азия және Монғолия тарихында із қалдырған ежелгі тайпа. Олар туралы деректер Аристов, Ховорс еңбектерінде кездеседі. Наймандар – тайпа атауынан шыққан және олардан шыққан рулар бірдей таңба ұстанған. Тек содыр, матайлардың таңбасы ғана қоңыраттікіне ұқсайды. Бұл зерттеуде найман мен алшынның таңбаларын салыстырып, ұқсастықтарын көрсетеді. Мысалы бұрын: ^ немесе^У, немесе < және > болып бірнеше өзгереді. Бірақ бұл дәлелдеулер көп зерттеулерді қажет етеді. Ал Ошақтыға келсек ол ұлы Ордадан шыққан жеке тайпа. Таңбасы үшбұрыш Δ-бұны басқа таңбалардан шығаруға келмейді. Сонымен қатар ғалым Серкеш тайпасы кіші жүздің және орта жүздің есентемір, жүй, жағалбайлы, мансыр тайпаларымен туыс екенін және олардың алшын және найман тайпалық одағына қарағанын дәлелдеген.

Ал Бағаналының Орта жүзден тарағанын мүйізтекес (У) таңбасын қарастыра отырып оның наймандардың ішінде болғанын айтады. Оларда болған (Н) сияқты тағы бір таңбалар оларды кіші Ордаға шекті руымен байланыстырады. Ғалымның ойынша бұл таңба олар найман одағына кірген кезде пайда болған. Бұдан шығатын қорытынды бұлармен байланысты шекті және алаштар найман тайпалық одағынан шыққан.

Бекболат Орта жүзден тараған жеке тайпа. Шапырашты сөзі де тайпа атауынан шыққан. Оған бестамғалы және шымыр кіреді. Олардың бәрі Ұлы Ордадан. Оның таңбасы (У) тайпа атауына сай жасалған. Ал Сырғалыға келсек, оның таңбасы да тайпа атауына сай. Екінші бір таңбасы (+) олардың кезінде керейлер мен төртқаралар құрамына қатысты екенін көрсетеді.

Қазақ руларының кейбіреулерінде (+) қосынды таңбасының болуы қазақ руларының шығу тегін тәңірге табыну кезінен басталғанын көрсетеді. Мұндай таңбалар сонымен қатар, қазақтың төртқара, телеу, сіргелі, керей, адай, руларында да кездеседі. Алтай түркілерінің ежелгі тарихына белсенді талдау жасап жүрген Мұрат Әджи қосынды (+) белгісінің тәңірге табыну кезінен басталатынын айтқан. Негізінде б.з.д. ІҮ-ІІІ ғасырлардан б.з. ҮІІ ғасырына дейін алтайлық түркілер арасында таралғанын, оны Еуропаға ғұндар апарғанын баяндайды. Мұны көк түріктердің руна жазуындағы белгілері де растай түседі. Ерте түркі дәуіріндегі тайпалар аттары кейініректе таралған қазақ ру-тайпаларының таңбаларынан өзгешелеу. ХІ ғасырдағы М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» атты еңбегінде бешенек, қыпшақ, башғырт, басмыл, оғыз, имек, қай, иабаку, татар, шігіл, тохсы, иағма, ұғрақ, жарұқ, жомыл, ұйғыр, таңғұт, хытай, табғыш, тайпалары картада сызып көрсетілген. Бұлардың арасында қыпшақ, башқырт, татар, ұйғырлар кейінгі ғасырларда атауларын өзгертпей сақтап қалған. Қазақ халқын құраған негізгі тайпалар осы тайпалармен қатар жоғарыда аттары аталған тайпаларды да құраған. М.Қашқари өз еңбектерінде бұл тайпалардың барлығына тоқталмай, тек өзі білетін оғұз тайпаларының ішіндегі 22 руға ғана тоқталған. Оғұздармен кейінгі қазақ тайпалары атаулары бір-бірімен сәйкес келмейді. Негізінен оғыздар қазіргі Орта Азия республикаларының жерлерін мекендеген. Олардың Батыс және Оңтүстік Батыс Қазақстан аймағында ғана таралғанын ескерсек, олардың арасында қазіргі қазақ атаулары жиі кездеспейтінін себебін түсінеміз. М.Қашқаридің еңбектеріне сүйенсек, оғұз таңбалары мен қазақ руларының таңбалары арасында біршама ұқсастықтар бар екенін аңғарамыз. Оған дәлел, оғұздардың қынық- қынықтарының рулық таңбасынан қазақтың садыр, матай, руларының таңбасы шыққанын байқаймыз.

С.Аманжоловтың қазақ рулары мен тайпаларын зерттеген еңбектерінің құндылығы өте жоғары.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолов С. *Вопросы диалектологии и истории казахского языка / С. Аманжолов. – Алма-Ата, 1959. - Ч. 1. - 452 с.*
2. Аманжолов С. *Научная и организационная деятельность (Из отчетов пятидесятих годов): 1954-1957 года / С.Аманжолов // Әл-Фараби атындағы ҚҰУ Хабаршысы. Филология. Сер;Вестн. КАЗНУ.*
3. Аманжолов С. *«Қазақ диалектологиясының негізгі мәселелері. – Алма-Ата, 1959. – I, II т.*
4. Аманжолов С. *Вопросы диалектологии и истории казахского языка: Учеб. пособие / С. Аманжолов. - 2-е изд., доп. – Алматы: Санат, 1997. - 608 с.*
5. *С.Аманжоловтың жанұялық жеке мұрағатынан.*
6. *С. Аманжоловтың ғылыми мұрасы және ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылымдар мәселесі. - Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2003.*